

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталық құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 7 желтоқсан N 1685. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.02.07. N 169 қаулысымен.

Акцияларының бақылау пакеті мемлекеттің қолында қалған мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға қатысты қайта ұйымдастыру процедураларын және тарату жөніндегі процедураларын және тарату жөніндегі процедураларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Арнайы мемлекеттік мекеме - Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталық (бұдан әрі - Орталық) құрылсын.

2. Орталыққа мыналар жүктелсін:

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың өміршеңдігін бағалау және қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату жөніндегі процедуралардың кешенді жоспарларын дайындауда оларға тиімді консультациялық көмек көрсетуді жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату жөніндегі процедуралардың жоспарларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне бергенге дейін бекіту;

ұйымдастыру, техникалық және қаржылық қайта жаңғырту жоспарларын әзірлеу кезінде төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға көмек көрсетуде шетелдік және отандық консультанттардың жұмысын үйлестіру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта құру процедуралары мен тарату жөніндегі процедуралардың жоспарларын әзірлеу үшін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің, шетелдік және отандық сарапшылардың қатысуымен жұмыс топтарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедураларының нысандары мен бағыттары жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату жөніндегі процедуралар мәселелері бойынша республикада консультациялық қызметтер рыногын құруға көмек

көрсету.

3. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталық туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

4. Орталық пен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату жөніндегі процедуралардың жоспарларын әзірлеу және бекіту туралы Ережені Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

5. Орталық қызметкерлерінің шекті саны 15 адам болып және бір қызмет жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

6. Орталықтың құрылымы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің мемлекеттік басқару орындарына арналған қаржысы есебінен Орталықты ұстауға қажетті қаражат бөлсін.

8. Орталықтың директорының лауазымы медициналық және тұрмыстық, көліктік, қамтамасыз ету жағдайы бойынша Қазақстан Республикасы министрі орынбасарының лауазымына теңестірілсін.

9. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Орталықты өзіне жүктелген функцияларды орындауы үшін , ақпарат материалдарымен қамтамасыз ететін мекемелердің тізбесіне енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Орталықты үкімет байланыс арналарымен, сондай-ақ халықаралық факсимиле, телекс, телефон байланысымен қажетті мөлшерде бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Валюта-қаржы бақылау комитеті оның сұрау салуы бойынша Орталыққа төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды тексерістердің нәтижелері жөніндегі қолда бар ақпаратты беретін болсын.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, қарамағында төлем қабілеті жоқ кәсіпорындары бар министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық және жергілікті атқарушы органдар Орталыққа өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруына көмек көрсетсін.

13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті Орталықты орналастыру туралы мәселені шешсін.

14. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі департамент құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1429 қаулысы;

"Н.А.Сәрсембаев туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 14 қарашадағы N 1529 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
7 желтоқсандағы
N 1685 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация
беру жөніндегі республикалық орталық туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарына консультация беру жөніндегі республикалық орталық (бұдан әрі - Орталық) төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға олардың төлем қабілетіне баға беру, кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жоспарын әзірлеуге консультациялық көмек көрсету үшін құрылған арнайы мемлекеттік мекеме болып табылады. Орталық осы жұмысты жүргізген кезде шетелдік және отандық консультанттардың консультациялық көмегін белсенді түрде пайдаланады.

Орталық өз функциясын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшылығымен жүзеге асырады.

2. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлықтарын, Үкіметтің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, халықаралық келісімдер мен шарттарды, басқа да заң және нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Орталық заңды тұлға болып табылады, мөрі, бұрыштамасы және заңды тұлғаның басқа да фирмалық белгілері бар.

Орталықтың банк мекемелерінің бірінде ағымдағы есепшоты болады.

4. Орталықтың мекен-жайы - Алматы қаласы.

5. Орталықтың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындарға олардың өміршендік қабілетін бағалау және қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедуралары жөніндегі кешенді жоспарларын әзілеуде тиімді консультациялық көмек көрсетуді жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілген төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедуралары жөніндегі жоспарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне бергенге дейін бекіту;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға ұйымдастыру, техникалық және қаржы жоспарларын әзірлеу кезінде шетелдік және отандық консультанттардың жұмысын үйлестіру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедураларын әзірлеу үшін министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, орталық және жергілікті атқару органдары өкілдерінің, шетелдік және отандық сарапшылардың қатысуымен жұмыс топтарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың қайта ұйымдастыру процедураларының нысандары мен бағыттары жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

қаржы-экономикалық сауықтыру, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедуралары жөніндегі мәселелер бойынша республикада консалтинг рыногін құруға көмек көрсету;

банкроттық туралы заңдарды қолданудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу мен қорыту және оның негізінде төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедураларын жүзеге асырудың әдістемелерін жетілдіру.

6. Өзінің негізгі функцияларын орындау үшін Орталықтың:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінен, Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктен және қажет болған жағдайда басқа да министрліктер мен мемлекеттік

комитеттерден, орталық және жергілікті атқарушы органдардан төлем қабілеті жоқ кәсіпорындар туралы (негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, кәсіпорындардың бухгалтерлік баланстары, берешектері жөніндегі мәліметтер және басқа талдау материалдары мен құжаттар) ақпарат алуға;

жұмыс топтарын ұйымдастыру тәртібі мен олардың құрамын белгілеуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкіне берілген кәсіпорындарға еркін баруға және олардың басшыларымен өзара іс-қимыл жасап, олар үшін қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату процедуралары жөніндегі кешенді жоспарларын әзірлеуге;

өз қызметін жоспарлауға, құрылымы мен штаттық кестесін еңбекақы қорының және бөлінген адам санының шегінде дербес белгілеуге құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің қаржысы Орталықты қаржыландыру көздері болып табылады.

8. Орталықты басқару Орталық басшысына жүктеледі. Орталық басшысын Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

9. Орталықты қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

7 желтоқсандағы

N 1685 қаулысына

ҚОСЫМША

Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация
беру жөніндегі республикалық орталықтың
ҚҰРЫЛЫМЫ

Директор

Директордың орынбасары - қайта жаңғырту жөніндегі
консультациялық бөлімінің басшысы

Кәсіпорындарды қайта жаңғырту жөніндегі консультациялық бөлім:

Кәсіпорындардың стратегиясы жөніндегі топ
Кәсіпорындардың қаржысы жөніндегі топ
Әлеуметтік қаражат және жұмыс күшін пайдалану жөніндегі топ
Экология жөніндегі топ
Заң сараптамасы жөніндегі топ
Әкімшілік-шаруашылық секторы:
Бухгалтерия
Шаруашылық қызметі